

Газ қаруына қатысты мәселелерді хұқықтық реттеу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 қазан 1992 ж. N 878. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Жеке қорғаныстың тиімді құралы болып табылатын газ қаруына деген республика халқының сұранысының артуына және оны жасау, өткізу, сатып алу, ұстау, сақтау мен қолдану мәселелерін реттеудің нормативтік базасының болмауына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, өздерінің өміріне, денсаулығына, абыройы мен мүлкіне қылмысты қол сұғушылықтардан жеке барын қорғау мақсатында азаматтардың газ қаруын сатып алуы, ұстауы, сақтауы мен қолдануы жөніндегі мәселелердің хұқықтық жақтарын зерделейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен және Ұлттық хауіпсіздік комитетімен келісіп, қолданылып жүрген заң актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның жобасын бір ай мерзім ішінде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

тегіс оқпанды аңшы қаруына бақылау жасау шаралары тәрізді газ қаруына бақылау жасау шараларын көздей отырып, рұқсат беру жүйесі туралы Ереженің жобасын әзірлеп, мұдделі министрліктермен және ведомстволармен келісіп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына ұсынысын;

осы мәселе бойынша шешім қабылданғанға дейін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар газ қаруын сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен өткізуге рұқсат сұраған барлық жағдайларда рұқсат беру жүйесін реттейтін ведомствоның бүйрықтар мен нұсқамаларды басшылыққа алсын;

алдын-ала есепке және кейіннен газ қаруын ұстау мен сақтауға хұқық беретін құжаттарын ресімдеп алуы үшін газ тапаншалары бар азаматтарды анықтау жөніндегі шараларды ұйымдастырысЫн;

газ қаруын сақтау мен қолданудың уақытша ережелерін әзірлеп, бекітсін, сондай-ақ азаматтардың жекелеген санаттарының оны сатып алуына хұқық беретін уақытша рұқсат ету тәртібін белгілесін.

3. Қазақ республикалық "Динамо" дene мәдениеті-спорт қоғамына шетелден әкелінген сериялап шығарылатын газ қаруын, ішкі істер органдарынан тиісті рұқсаттары бар мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдарына тәжірибе ретінде сатуына рұқсат етілсін.

Қазақ республикалық "Динамо" дene мәдениеті-спорт қоғамы өзінің арнайы дene шынықтыру орталықтары арқылы газ қаруын сатып алған адамдарды оны менгеру дағдысына, сақтау мен қолдану ережелеріне міндettі түрде үйретуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі газ қаруын сатудың аталған шарттарының сақталуына бақылау орнатсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетпен, Қаржы министрлігімен, Материалдық ресурстар министрлігімен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармамен бірлесіп, республика кәсіпорындарында, оның ішінде Шығыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің ұсынысын ескеріп, Үлбі металлургия зауытында, отандық өндірістің газ тапаншасының конструкторлық әзірлемесін жасау мен өнеркәсіпте шығару мәселелерін қарайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК